

Құрамы:

1 мл ішке қабылдайтын спрейдің құрамында: D₃ дәрумені (D дәрумені майынан) 3 076 МЕ;

1 мөлшері – спрейдің 1 бұркуі (0,130 мл) құрамында: D₃ дәрумені (D дәрумені майынан) - 400 МЕ (10 мкг);

Қосымша құрамбөліктері:

минералсыздандырылған су 97,576 мг, кисилитол 38,98 мг, сорбитол 6,496 мг, майға шаққанда жалбыз 0,03 мг, майға шаққанда жалбыз лимон 0,130 мг, майға шаққанда апельсин 0,032 мг, майға шаққанда полисорбат 80 - 0,909 мг, калий сорбаты - 0,26 мг, лимон қышқылы 0,168 мг, натрий хлориді 0,03 мг.

Қолдану аясы:

Тағамға биологиялық белсенді қоспа D₃ дәруменінің қосымша көзі ретінде ұсынылады, D₃ дәрумені тапшылығының алдын алу және сүйек-бұлшық ет жүйесін ынғайту үшін келесі жағдайларда қолданылады:

- остеопорозда;
- организмнің жүктілік пен бала емізу кезеңінде D₃ дәруменіне қажеттілігінің артуында.

Қасиеттері:

D₃ дәрумені (колекальциферол) адам организмінің барлық дерлік ағзалары мен жүйелерінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажет.

Колекальциферол – қандыға кальций және фосфордың қалыпты деңгейін сақтайды, сүйек тінінің қалыптасусына қатысады, жасушалардың бөліну және саралану барысын бақылайды, миокард қызметін қолдайды. Қан ұюы және нерв қозуын өткізу үрдістерін реттейді. Тағамда D₃ дәруменінің жетіспеушілігі қаңқа ауруларының (мешел, сүйек жұмысаруы, остеопороз, бұлшықет әлсіздігі, сүйектердің аса жоғары нәзіктігі), сондай-ақ, жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының дамуында маңызды рөл атқарады.

D₃ дәрумені әйелдердің репродуктивтік үрдістеріне әсер етеді және етеккір айналымының бұзылыстарында оң әсер етеді. **D₃ дәруменінің** жеткілікті деңгейінде аналық жасушаның ұрықтануы едәуір жиірек болады. **D₃ дәруменінің** тапшылығының болмауы ЭҚҰ (ЭКО) натижесін жаксартуға мүмкіндік береді. **D₃ дәруменінің** тапшылығы әйелдерде етеккір тоқтау шағында, сондай-ақ, егде жастағы адамдарда жиі кездеседі.

Қолдану тәсілі және ұсынылатын тәуілдік мөлшері:

Ересектерге, ауызға бір мөлшерден (1 бұркуден), күніне 1 рет. Қабылдау ұзақтығы - 1 ай және одан узак.

Қарсы көрсетімдері: өнімнің құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.

Ерекше нұсқаулар: Тағамға биологиялық белсенді қоспа, Дәрінің қатарына жатпайды. Дәрігер ұсынған мөлшерінен асыруға болмайды. Құрамында тәттілендіргіштер бар. Шамадан тыс тұтыну кезінде іш өткішін әсер етуі мүмкін.

Жанама әсері: аллергиялық серпін болуы мүмкін.

Сақтау шарттары: құргақ, балалардың қолы жетпейтін жерде, 25°C-тан аспайтын температурада сақтау қажет.

Жарамдылық мерзімі: 30 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Шығарылу түрі: ауызға бұркетін, мөлшерленген, 20 мл құтыдағы спрей, мөлшерлеуішімен (ПЭТ 1 - Полиэтилентерефталат). 1 құтыдан картон қорапта (PAP 21).

Өндіруші:

FARMACEUTICI PROCESMA S.p.A. (Via Mentana, 10 -10042 NICHELINO (TO), Италия.

E-mail: Procentsa@procemsa.it

"Сәлтфар ЛТД" үшін, Ұлыбритания (Berkeley Square House, office 132, London, United Kingdom, W1J 6BD).

ҚР аумағында шағым-талаңтарды қабылдайтын үйім: «Сәлтфар ЛТД» өкілдігі, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5, Нұрлы Tay 1a, офф 301. Тел./факс: +7 (727) 311 16 28.